

Жетісу облысы
Панфилов ауданы

Д.Рақышұлы атындағы орта мектеп МДШО
Биология пәнінің мұғалімі Ордабаева Бакытгуль Яқыповна
Табиғи ресурстар бойынша биологиядан тапсырмалар

I деңгей «Жеке»

Табиғат ресурстары — табиғат элементтері, барлық табиғи шарттар жиынтығының бір бөлігі және қоғам мен қоғамдық өндірістің әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өндірістік күштердің берілген даму деңгейінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін табиғи ортаның маңызды құрамдас бөлшектері. Өсімдіктер және жануарлар әлемі ресурстары көбінесе **биологиялық ресурстар** түсінігіне біріктіріледі. Биологиялық ресурстар жердің биомассасы құрамындағы өсімдіктер мен жануарлардың жиынтығынан тұрады. Өсімдік ресурстарын мәдени және табиғи өсімдіктер құрайды. Мәдени өсімдіктердің саны 6 мыңнан асады. Жеке өзіміз тұрған өлкемізде, су ресурстары және биологиялық ресурстар өте көптеп кездеседі. Су ресурстарына- **«Өссек өзенін»** атап айтуға болады. Өссек өзені қысы жазы сарқырап ағады, құрамында бірнеше химиялық элементтер кездеседі. Мысалы: магний, калий, кальций, осы элементтердің емдік қасиеттері бар. Кез-келген адам үстіндегі жараларға ем болады. Өсімдік ресурстарына жабық тұқымды өсімдік **«Грек жаңғағын»** атап айту керек. Панфилов ауданы бойынша тек біздің тұрған өлкемізде өседі. Емдік қасиеті өте көп құрамында йод бар. Жаңғақ бүйректі қуаттандырып, өкпені тазалап, ішекті дымқылдандырады және дене әлсіздігіне, бел сыздап ауырғанда, бас айналып, құлақ шыңылдағанда да пайдалы. Ол үшін жаңғақ дәнінен 600 грамм, қара бұршақтан 300 грамм талқандап, балға араластырып, ішеді 2 рет.

1. Табиғи элементтер және табиғи шарттар жиынтығының бір бөлігі?
2. Өсімдіктер және жануарлар әлеміне қандай ресурстар жатады?
3. Емдік қасиеті бар өсімдік және оның құрамы?

II деңгей «Ұлттық»

Қазақстан жер қойнауы минералды шикізатқа бай елдің бірі. Дүние жүзі бойынша өндірілетін 55 түрлі пайдалы қазбалардың Қазақстанда 39 түрі өндіріледі. Жер ресурстары немесе жер қоры адамның өмірі және шаруашылықтың барлық салалары үшін қажет. Бұл елдің үлкен аумағымен, сондай-ақ ұзақ геологиялық тарихымен байланысты. Ресурстар біркелкі бөлінгеніне қарамастан, олардың ерекше әртүрлілігі таң қалдырады. Қазақстан үкіметі оларды жеткілікті сауатты басқарады және соның арқасында еліміз әлемдік нарықта өзінің лайықты орнын алды. Минералды

ресурстарды пайдалы қазбалар деп те атайды. Уран өндіру жағынан Қазақстан әлемде үшінші мемлекет болып саналады. Панфилов ауданы табиғи ресурстарға өте бай, атап өтсек минералды ресурстардан, химиялық элемент уран кездеседі. Жер астындағы сулардың ыстық болуы, дәлел. 1кг уран дәл осы мөлшердегі көмірден бөлінетін энергиядан 20мың есе жоғары электр қуатын бөледі. Жетісу облысы Іле өзенінің аңғарында Жаркент қаласынан оңтүстік –батысқа қарай 24км-дей жерде орналасқан шипа жай бар: «Кермағаш» суы ыстық, емдік қасиеттері бар. Ыстық суды бүкіл ауыл халықтары пайдаланады. Уран қоры Қазақстанның оңтүстік бөлігінде шоғырланаған. Бүгінде уран кенішінің төрт торабы бар.

1. Пайдалы қазбалардың 39 түрі қайда өндіріледі?

2. Жер суларының ыстық болуына дәлел келтір?

3. Қазақстанның Оңтүстік бөлігінде қандай қор шоғырланған?

III деңгей « Ғаламдық »

Дүниежүзіндегі елдердің табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесі әркелкі. Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші алуан түрлі ресурстардың қор мөлшерінің арақатынасымен және оның пайдаланылу ауқымымен байланысты. Дүниежүзілік шаруашылықтың күрделі жүйесінде және еңбектің халықаралық үлестірілуінде экономикасы дамыған елдер, негізінен, тұтынушы болса, ал дамушы елдер — шикізат ресурстарын өндіруші әрі экспорттаушы болып табылады. Дегенмен көптеген жоғары дәрежеде дамыған елдер де ресурстардың ірі қорына ие, олар кейбір ресурс түрлерін өндіруден әлемдік жетекші болуы да мүмкін. Ресурстардың көпшілігі дамушы елдердің, аумақтарында орналасқан.

Табиғат ресурстарын пайдалануға байланысты адамзат қоғамының тағы бір проблемасы олардың біркелкі бөлінбеуі болып табылады. Дүние жүзінде орман ресурстарынан мүлдем айырылған, тұщы су тапшылығы бар аумақтар бар. Ал, керісінше, әртүрлі ресурстардың айтарлықтай қоры бар аймақтар бар. Осының салдарынан елдер мен аймақтар арасында табиғи ресурстар қорының айырмашылығы бар. Сонымен қатар, табиғи ресурстарды пайдалану ауқымы маңызды фактор болып табылады. Биологиялық ресурстар Дүниежүзілік мұхитта тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлардың жиынтығынан да тұрады. Ғалымдардың есептеуі бойынша, мұхиттың биологиялық ресурстары, ең аз дегенде 20 млрд адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуге жетеді.

1. Табиғи ресурстарды қандай елдер тұтынып, өндіреді?

2. Дүние жүзіндегі елдердің табиғи ресурстары мен қамтамасыз етілу дәрежесі неге әркелкі?

3.20 млрд адамды азық-түлікпен қамтамасыз ететін қандай ресурстар?

Жауаптары:

| Жеке | Ұлттық | Ғаламдық |
|------------------------------------|---|---|
| 1. Табиғат ресурстары. | 1. Қазақстанда өндіріледі. | 1. Экономикасы дамыған елдер тұтынады, дамушы елдер өндіреді. |
| 2. Биологиялық ресурстар. | 2. 1кг уран дәл осы мөлшердегі көмірден бөлінетін энергиядан 20мың есе жоғары электр қуатын бөледі. | 2. Қор мөлшерінің арақатынасымен пайдалану ауқымына байланысты. |
| 3. «Грекжаңғағы» құрамында йод көп | 3. Уран қоры. | 3. Мұхиттың биологиялық ресурстары. |